

Қарабас кентіндегі көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Абай ауданы Қарабас кентінің әкімінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 5-10/46 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 ақпанда № 3678 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағы негізінде және тұрғындардың пікірлерін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТТІ:**

- 1.Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарабас кентіндегі көшелер келесідей:
 - 1) Школьная көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне;
 - 2) Строительная көшесі Құрылысшылар көшесіне қайта аталсын.
- 2.Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
- 3.Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарабас кентінің әкімі

Е. Төкебаев